

айыру қысымының әсерінен болады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, процесті жүргізудің нақты межеленген ұзақтылығы болады, одан әрі диспергациялау процесін жүргізгенімен қатты фаза өзгеріске ұшырамайды.

Бұрғылау ерітінділерінің технологиялық қасиеттерін зерттеу кезінде, ең алдымен сазды ерітінділер дайындалуы қажет. Сазды дайындау үшін, біріншіден сазға су құйып 1-2 күн тұрғызу керек, содан кейін ғана барып, механикалық пропеллерлі араластырғышта 10 мин араластырылады, ВСН-3 вискозиметрінде тұтқырлығы анықталады. Ал сазды ерітіндіні араластыру және тұтқырлықты анықтау рәсімі, тұтқырлық мәні қалыпты жағдайға жеткенше жүргізілді. Мұндай ерітінділер тұрақты қасиетімен ерекшеленеді. Бұрғылау ерітінділерін модификациялауда дәл осы ерітінділер қолданылады. Яғни, нақ өлшенген үлгіге (фракция  $<0,1$  мм) сазды ерітінді енгізіледі және тұрақты нәтижелер алғанша араластырылады.